

6B01402 – «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Берілетін дәрежесі: 6B01402 «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

Әдістемелік:

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
 - ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
 - білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
 - педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жанарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер білуі тиіс:

- **ON1** –пәндік және пәнаралық саланың негізгі бөлімдері бойынша білімді тану, түсіну және интеграциялауды көрсетеді;
- **ON2** –дене тәрбиесінің отандық және шетелдік жүйедегі білімінің өзара байланысын практикада қолданады;
- **ON3** –білімгерлерді сыни тұрғыдан ойлауға, мәселелерді бірлесіп шешуге тарту мақсатында пәннің негізгі концепциялары мен зерттеу құралдарын және құрылымын айқындай біледі;
- **ON4** –оқу-жаттығу процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде ғылыми негізделген тәсілдер мен білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің әдістерін белсенді қолдана біледі;
- **ON5** –тандаған спорт түрінде іріктеу және спорттық бағдарлау жүйесін іске асыруда критериялды бағалау технологиясын қолданады;
- **ON6** –спорттық-кәсіптік қызметте АКТ-ны және сандық білім беру ресурстарын пайдаланады;
- **ON7** –командада, тұлғааралық қарым-қатынаста, тиімді жұмыс істеуде коммуникативтілік көрсете біледі;
- **ON8** –білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктеріне және оқытудың мақсат-міндеттеріне сәйкес инновациялық технологияларды пайдаланады;

- **ON9** –индивидтің антропометриялық, физикалық және психологиялық параметрлерін анықтау бойынша заманауи әдістемелер мен диагностиканы қолданады;
- **ON10** –білімгердің тұлғалық дамуын қалыптастыру мен өзінің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өмір бойы білім алуға мән береді;
- **ON11** –инклюзивті білім беру мен технологияларды қолдану тәжірибесінде туындайтын проблемаларды шешудің креативтілігін бағалай біледі.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)										
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	ON11
Жалпы білім беретін пәндер циклі														
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті														
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім	Экономика, бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар, олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық, инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық, тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері, оларды кәсіби қызметінде туындайтын проблемаларды шешуде пайдалану жолдары сипатталады.	5	+										+
Базалық пәндер циклі														
Жоғары оқу орны компоненті														
2	Оқушылардың физиологиялық және	Оқушылардың физиологиялық - психологиялық тұлғадан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен	5									+		+

		көрсетудің заманауи моделдері мен оны іске асыру жолдары қарастырылады. Инклюзивті білім беру тәжірибесінде инновациялық технологияларды қолдану, проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау жолдары сипатталады.													
5	Дене шынықтыру және спорт менеджменті	Пәнаралық саланың негізгі бөлімдері бойынша студенттерге нарықтық экономикадағы дене шынықтыру және спорт ұйымдарын отандық , шетелдік жүйеде басқару теориясы, тиімді жұмыс істеуде коммуникативтілікті көрсете білу мен еңбек ресурстарын пайдалануда ұйымдардың экономикалық механизмін жетілдіру, экономикалық дұрыс басқару шешімдерін қабылдау, қаржылық білімді практикада қолдану мәселелері қарастырылады.		5		+	+					+			
6	Ұлттық спорт түрлерін оқыту әдістемесі	Пәндік және пәнаралық саланың негізгі бөлімдері бойынша қозғалмалы ойындар мен ұлттық спорт ойындарын ұжымдық, топтық және жеке оқыту нысандары қарастырылады. Ұлттық спорт түрлерін оқыту әдістемесі білімгерлерді сыни тұрғыдан ойлауға, командада өз бетінше тұлғалық дамуын, кәсіби деңгейде қалыптастырады. Бұл жеке тұлғаның оң қалыптасуына және қарым-қатынаста коммуникативтілікке мүмкіндік береді.		4		+		+				+			+
7	Дене шынықтыру және спорт түрлерінің физиологиялық	Пәндік саланың негізгі бөлімдері бойынша спорт түрлерінің физиологиялық негіздері дене дайындығын, спорт физиологиясының даму тарихы, білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес физикалық		5		+							+	+	

	негіздері мен гигиенасы	жүктемелерге жедел және ұзақ бейімделудің сапасы мен тиімділігін физиологиялық бағалау принциптері қарастырылады. Дене шынықтыру - сауықтыру құралдарын және дене шынықтырумен айналысушылардың дамуының антропометриялық параметрлерін анықтауда заманауи әдістемелер мен диагностиканы қолданады.													
8	Жеңіл атлетиканы оқыту әдістері	Жеңіл атлетиканың жаттығулар мен дене шынықтыру сабақтарын өткізу мүмкіндігі, отандық, шетелдік жүйедегі жаттығуларды жүргізудің түрлері, әдістерінің өзара байланысы, оларды мектеп бағдарламасына енгізу жолдары, оқу жаттығу процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде ғылыми негізделген тәсілдер, олардың практикалық қолданулары қарастырылады. Спорттық бағдарлау жүйесін критериялы бағалау, тұлғааралақ қарым-қатынаста коммуникативтілік таныту, инновациялық технологияларды пайдалану жолдары сипатталады.		5		+	+		+	+		+	+		
9	Баскетбол	Баскетбол ойынның отандық және шетелдік жүйедегі өзара байланысын тиімді көрсетеді. Дене тәрбиесі жүйесіндегі критериялы бағалау технологиясын, командалық жұмыста негізгі жаттығуларды қолдануды, дене қасиеттерін жетілдіруді, спорттық біліктіліктер мен атақтар беру бойынша баскетболшылардың техникалық-тактикалық даярлығына қойылатын талаптарды қарастырады. Тұлғааралақ қарым-қатынаста коммуникативтілік дағдылары		6			+		+		+				

		қалыптастырылады.													
10	Волейбол	Волейбол ойынның отандық және шетелдік жүйедегі өзара байланысын тиімді көрсетеді. Дене тәрбиесі жүйесіндегі критериалды бағалау технологиясын, командалық жұмыста негізгі жаттығуларды қолдануды, дене қасиеттерін жетілдіруді, спорттық біліктіліктер мен атақтар беру бойынша баскетболшылардың техникалық-тактикалық даярлығына қойылатын талаптарды қарастырады. Тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілік дағдылары қалыптастырылады.													
11	Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі	Таңдаған спорт түріндегі іріктеу және спорттық бағдарлау жүйесін іске асыруда спорт саласының негізгі бөлімдерінің теориясы, оқу -жаттығу процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер, спорт түрлерін дамытудың өзекті мәселелері, басқару құрылымы, білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктерінің тұжырымдамалары қарастырылады. Командалық, оқу-жаттығу жиындарын, жарыстарды өткізу, отандық, шетелдік спорт түрлері бойынша іскерліктер мен дағдылар қалыптастыру жолдары сипатталады.		5		+		+	+			+			
12	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі және президенттік сынама	Дене шынықтыру пәнін жүргізудің теориясы мен әдістемесі, пәндік және пәнаралық салалар, олардың ерекшеліктерінің негізгі концепциялары қарастырылады. Дене тәрбиесінің отандық, шетелдік жүйесінің өзара байланысын, дене шынықтыруда оқу-жаттығу процесінің тиімділігін қамтамасыз		6		+	+	+	+	+					

		етеді. Дене шынықтыру мен спорттағы ғылыми тәжірибенің қазіргі отандық жетістіктерін зерделеуде кәсіби ойлау мен шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастырады. Критериалды бағалау технологиясы пайдаланылады.													
Базалық пәндер циклы Таңдау компоненті															
13	Дене шынықтыру мамандығына кіріспе	Пәндік саланың негізгі бөлімдері бойынша дене шынықтыру мамандығына кіріспе сабағы әлеуметтік-педагогикалық маңызы мен міндеттері болашақ мамандықты саналы түрде қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақ маманның жеке тұлғасын қалыптастыруға, дене шынықтыру сабақтарын құру түрлеріне, жоспарлауға, бақылауға, есеп жүргізуге сипаттама береді. Кәсіби шеберліктері үшін өзіндік, командалық жұмыстың неғұрлым тиімді нысандары мен әдістерін пайдаланады.		5		+							+		
14	Дене жаттығуларын оқыту әдістері	Дене шынықтыру жаттығуларын орындау кезінде оқу-жаттығу процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде ғылыми негізделген тәсілдерді қолданады. Дене сапаларының негізгі заңдылықтары: ептілік, күштілік, төзімділік, жылдамдық, икемділікке тәрбиелеу әдістерімен міндеттерін оқытады. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты бойынша өмірлік-қажетті білімдер мен дағдыларды қолданады.				+			+						
15	Анатомия,	Білімгерлердің физиологиялық		5		+									

	спорттық морфология негіздері	ерекшеліктеріне сәйкес адам денесінің құрылысы мен қызметі, өсу мен дамудың негізгі заңдылықтары, балалар мен жасөспірімдердің антропометриялық, физикалық, психологиялық параметрлерін анықтау бойынша заманауи әдістемелер мен диагностика, спортшы ағзасының морфологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Физикалық жүктемелерге бейімделу мен физиологиялық қайта қалыптасу жолдары сипатталады.											+	+				
16	Спорттық медицина	Спортпен жүйелі шұғылдану барысында спортшы ағзасында қалыптасатын морфологиялық-қызметтік өзгерістермен таныстырады. Заманауи әдістемелер мен диагностиканы қолдану арқылы спортпен шұғылданушылардың денсаулығына тиімсіз жаттығудан болатын ауру- сырқат, жарақаттардан сақтандыру, жедел медициналық көмек көрсете білуге үйретеді.												+	+			
17	Дене шынықтыру тарихы, олимпиадалық білім	Дене шынықтыру тарихы, олимпиадалық білім қоғам өмір сүруінің әр түрлі кезеңдеріндегі дене тәрбиесі саласындағы құралдар мен әдістерді, идеялары мен теориялардың пайда болуын, адамдардың мәдениеті, тәрбиесі мен білімінің құрамдас бөлігі ретінде оларды өндірістік әскери қызметке дайындауды қарастырылады. Отандық және шетелдік дене шынықтыру және спорт жүйелерінің өзара байланысын тәжірибеде қолданады.		5		+	+										+	
18	Таңдаған спорт	Таңдаған спорт түрінің негіздері спорттық																

	түрінің негіздері	дайындықты жоспарлау және өткізу саласында нақты және жалпы мақсаттар мен міндеттерді қоя біледі Таңдаған спорт түрінде спорттық бағдарлау жүйесін іске асыруда жеке тұлғаның үйлесімді дамуына отандық білімнің өзара байланысын жетілдіреді. Алған білімді негізгі бөлімдері бойынша түсініп көрсете алады.			+	+			+	+				
19	Емдік дене мәдениеті	Емдік дене шынықтырудың негізгі тәсілдері жаттығулар жиынтығы, табиғи факторлары (ауа,күн,су) қосымша тәсілдері ретінде еңбек терапиясы, механотерапия қолданылады. Дене шынықтыру-сауықтыру қызметіндегі индивидтің физиологиялық, психологиялық параметрінің ерекшеліктерін анықтайды. Емдік дене мәдениетінің ерекшелігі ол барлық биологиялық тіршілік иелеріне тән – қимылдау қызметін емдік мақсатта қолданады.		5							+	+		+
20	Дене шынықтыру және спорт биомеханикасы	«Биомеханика»- адамның дене құрылыстарындағы биомеханикалық ерекшеліктермен кинематикалық, динамикалық қозғалысты, спорттық техника шеберлігімен, дене жаттығуларымен негізделген. Білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктері мен дене қимылдарын механикалық заңдарына бағыттайды. Қозғалыс теориясын басқаруда спорттық теория және практика, сауықтыру, қозғалысты басқару жүйесінің маңызды қызметі ретінде қозғалыста болады.							+		+	+		

21	Спорттық метрология	Спорттық метрология-спорт саласындағы болжаулар мен өлшеулермен таныстырады. Спорттық өлшемдер мен мөлшерлер туралы түсінікті қалыптастырады. Спорттағы өлшемдердің шарттары мен әдіс тәсілдерін оқытады. Спорт, дене тәрбиесі туралы метрологиялық ғылымның мазмұнын оқу, спорттық-кәсіби қызметте инновациялық технологияларды пайдаланады.		5					+			+	+		
22	Дене шынықтырудағы спорттық ғимараттар мен техникалық жабдықтар	Спорт құрылыстарының қарапайым әдістерін жоспарлау, салу әдістерін меңгеру, спорт түрлері үшін кешендердің теориялық негіздерін жоспарлап, орналастыру есептері қарастырылады. Ғылыми негізделген жобалар бойынша спорттық ғимараттар салынады. Ғимараттар мен техникалық жабдықтарды жобалауда АКТ, сандық білім беру ресурстарын қолданады.						+			+				
23	Гимнастика	Гимнастикалық жаттығуларды практикада қолдану жолдары, спорт түріне іріктеу және спорттық бағдарлау жүйесін іске асыруда отандық және шетелдік жүйедегі байланыстар, дене жаттығуларын үйренуші білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес икемділігін, ептілігін, төзімділігін дамыту жолдары қарастырылады. Спорттық іріктеу жүйесін іске асыруда критериялды бағалаудың инновациялық технологиялары қолданылады.		5		+		+			+				
24	Акробатика	Акробатика жаттығуларын үйретудің ерекшеліктерін ескере отырып													

		акробатикамен шұғылданушылар дене қасиеттерін жетілдіреді.Снарядтағы жаттығулар, тірек арқылы және акробатикалық қарғулар , еркін жаттығулар, арнайы дене дайындығын жетілдіреді. Білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес спорттық бағдарлау жүйесін іске асыруда техникалық-тактикалық дайындықты дамытады.					+			+							
25	Спорттық құрылыстар және тренажерлар	Спорттық құрылыстар, тренажерлар дене шынықтырудың материалдық-техникалық базасының негізін құрайды. Әр түрлі функцияларды орындайтын стандартты емес құрал-жабдық пен тренажерлар тізбесі мен типтерімен таныстырады. Дене шынықтырудың барлық түрлерімен айналысу үшін арнайы салынған ғимараттар мен құрылыстар пайдаланылады.. Дене шынықтыру,спорт жаттықтырушылық қызмет саласындағы нормативтік-құқықтық негіздерін ескере отырып АКТ-ны және сандық білім беру ресурстарын пайдаланады.		5						+		+					
26	Кәсіптік жаттықтырушылық қызметін жетілдіру	Жаттықтырушылардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруде дене- күш, ерік-жігер қасиеттеріне, спорт нәтижесіне қол жеткізу мақсатында біліктілігі мен дағдысын арттырады. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін оқытудың отандық және шетелдік жүйедегі тәсілдерін пайдаланады.				+		+					+				+
27	Баскетболды оқыту	Баскетбол сабақтарындағы техникалық қауіпсіздікті, шабуылдағы және		5													

	әдістемесі	қорғаныстағы жеке тактикалық әрекеттерді оқытады. Баскетбол ойындарын оқыту мақсатында пәннің негізгі концепциялары мен зерттеу құралдарын, құрылымын анықтайды. Командада, тұлғааралық қарым-қатынаста тиімді жұмыс істеуде коммуникативтілік көрсете біледі. Баскетболшылардың жаттығу барысындағы тиімді техникасын, тактикасымен әдістемесін анықтау үшін жекелеген зерттеу әдістері пайдаланады.						+		+		+		+			
28	Волейбол мен стол теннисін оқыту әдістемесі	Волейбол, стол теннисінде физикалық қасиеттерді дамыту, күш-жігерді, шапшаңдықты, шыдамдылықты, икемділікті, ептілікті және ойын-сауықты үйлестіруді дамытады. Дене тәрбиесі жүйесінде волейбол мен стол теннисін техникалық және тактикалық тәсілдермен көрсете біледі. Білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты ойынға жақын тәсілдерді жетілдіреді. Командада тұлғааралық қарым-қатынаста тиімді жұмыс істеу технологиясын қолданады.		5				+		+		+		+			
29	Футбол мен кіші футболды оқыту әдістемесі	Футболдың даму перспективалары, ойын тактикасы мен ережесінің эволюциясы, футболдағы орын ауыстыру техникасын меңгеруді оқытады. Спорттық даярлықтың бастапқы кезеңіндегі шабуыл мен қорғаныстағы дене даярлықтарына қойылатын талаптарын, футболшылардың оқу-жаттығу үдерісіндегі жеке гигиеналық нормалар мен техника қауіпсіздігін		5				+		+		+		+			

		қамтамасыз етеді. Командада, тұлғааралық қарым-қатынаста тиімді жұмыс істеуде топтық өзара іс –әрекеттерін үйренеді.													
30	Гандболды оқыту әдістемесі	Гандбол-спортшының қозғалыс және функционалдық мүмкіндіктеріне жоғары талаптар қоятын атлетикалық ойын. Білімгерлерді сыни тұрғыдан ойлауға, мәселелерді бірлесіп шешуге, командада тиімді жұмыс істеуге коммуникативтілік көрсете білуге үйретеді. Спортшылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес дене қасиеттерін жетілдіреді. Гандбол спортта білім жүйесі заңдылықтары болып табылады. Ойын процесі техника, тактика және стратегияның бар болуымен анықталады.		5				+		+		+		+	
31	Күшті дамыту дайындығы	Күшті дамыту дайындығы күштік қабілеттерді дамыту адамның жетекші қабілеті арқылы жүзеге асырылады. Күшті дамытуда бұлшықет талшығында миофибрилл санын күштің дамуына бағытталған арнайы жаттығуларды пайдалана отырып өзгертуге болады. Оқу-жаттығу процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде ғылыми негізделген тәсілдермен білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің әдістерін белсенді қолдана біледі.							+				+		+
32	Жүзуді оқыту теориясы мен әдістемесі	Студенттерге жүзудің спорттық тәсілдерін, әдістерін үйретеді. Бассейнде, табиғи су қоймаларында қауіпсіздік ережелерімен таныстырады. Тұлғааралық қарым қатынаста физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жүзумен шұғылданушылардың						+		+		+		+	

		эстетикалық тәрбиесіне қолайлы жағдай жасайды. Әр түрлі жастағы топтармен жүзу дағдысын меңгеру, жүзу тәсілінің жеке элементтерін игеру, күштің, жылдамдықтың, төзімділіктің, икемділік пен ептіліктің дамуын қалыптастырады.													
33	Дене қасиеттерін жетілдіру	Дене қасиеттерін жетілдіру, қимыл-қозғалыс, қозғалыс біліктіліктері мен дағдылардың өзара байланысы туралы түсінік береді. Ағзаның морфологиялық, функционалдық қасиеттерінің жиынтықты жетілдіру процесі индивидтің антропометриялық, физикалық, психологиялық параметрлерін анықтау бойынша (өсу жылдамдығы, дене салмағының өсуі, дамудың белгілі бір кезеңінде әртүрлі органдар мен жүйелердің жетілуі), тұқым қуалаушылық жағдайында белгілі бір жоспар бойынша іске асырылады.													
34	Спорт пен қолданбалы дене шынықтыру	"Қолданбалы дене шынықтыру" пәні дене шынықтыру дайындығының жетілуіне, оқу іс-әрекеті жағдайында, сондай-ақ белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру формаларын білуіне бағытталады. Студенттер дене шынықтыру-сауықтыру іс-әрекетінің денсаулығын нығайту бойынша өз бетінше жұмыс жүргізеді. Командада, тұлғааралық қарым- қатынаста тиімді жұмыс істеуде коммуникативтілік дағдылары қалыптастырылады													
Бейіндеуші пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті															

35	Қозғалыс ойындар оқыту әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша)	Қозғалыс ойындарының негізгі ерекшелігі дене жаттығуларының көп жақтылығынан көрінеді. Қозғалыс ойындары ақыл-ойды дамытады, қабылдауды жетілдіреді, кимылды басқару мен психикалық қабілетін дамытады. Мектепке дейінгі мекемелер мен орта оқу орындарында дене шынықтыру бойынша білім беруде инновациялық технологияларды қолданады. Қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде жылжымалы ойындардың қазіргі заманғы теориялық ғылыми-әдістемелік құралдарын пайдаланады.		6			+	+				+	+			+
36	ДШ ж С ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жоғары білім берудің негізгі бөлігі, маман даярлау сапасын арттырудың тиімді тәсілі болып саналады. ҒЗЖ-ға қатысу студентті кәсіби пәнді терең меңгеруге, ғылыми, техникалық, әлеуметтік дүниетанымын кеңейтуге, жаңа идеяларды өз бетінше игеруге, ғылыми ақпараттарды жедел әрі тиімді ұстануға бейімдейді. ҒЗЖ бойынша отандық және шетелдік зерттеулерді ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктері қолданылады.		5		+	+		+		+		+			
37	Базалық спорт түрлеріндегі дайындықтың жасерекшеліктері (мектеп жаңартылған бағдарламасы бойынша)	Мектеп жасындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне қарай дене –күш, ерік-жігер қасиеттерін, дене жұмысын атқаруға қабілеттілігін, жоғары спорт нәтижесіне қол жеткізу мақсатында біліктілігі мен дағдысын арттырады. Дене шынықтыру мен спорт бойынша оқытуда, тәрбиелеуде, сауықтыруда және спорттық		6		+	+		+		+		+			

		жаттығуларда инновациялық технологияларды қолданады.													
38	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Жас ерекшелік физиологиясы мектеп гигиенасы балалар мен жасөспірімдердің өсу-даму заңдылықтарын олардың денесінің құрылысына, яғни анатомиялық ерекшеліктеріне сай қарастырады. Барлық тірі организмдердің құрылысы мен қызметі тығыз байланыста болады. Физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып студенттердің денсаулықтарын күшейту, спортпен шұғылдану кезіндегі жұмысқа қабілеттілікті арттырудың физиологиялық механизмдері туралы дүниетанымдылықты қалыптастырады.		5	+							+			
39	Дене шынықтыру және спорт педагогикасы мен психологиясы	Болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімі және спорт түрлері бойынша жаттықтырушының кәсіби-педагогикалық күзiреттiлiгiн қалыптастырады. Дене шынықтыру мен спорт саласында жүргізілетін тәрбие жұмысының әдістемесін үйретеді. Мектепте және спорт мекемелерінде өткізілетін кәсіби практиканың мазмұнымен тығыз байланыстылығын айқындайды. Дене шынықтыру және спорт саласында өтетін педагогикалық (оқу-тәрбие) процесін ұйымдастыруда отандық және шетелдік білімді қолданады.		8	+	+		+			+	+			
40	Балалар мен жасөспірімдер және кәсіби спорттың	Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалардың жасқа байланысты дамуы мен одан кейінгі іс-әрекетке дайындық шарттарының заңдылықтары арқылы		6											

	теориясы мен әдістемесі	айқындалатын дене шынықтыру міндеттерінің ерекшеліктерімен таныстырады. Мектеп жасындағы балаларға дене шынықтырудың әлеуметтік-педагогикалық маңызы мен міндеттерін үйретеді. Жоғары жетістіктерге жетуде отандық, шетелдік әдістерді пайдалана отырып жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін дамытады.			+	+		+	+			+				
41	Спорт түріндегі әдіс-тәсілдік дайындық	Дене жаттығуларын, тәсілдік қимылдарды орындауды көрсету дағдылары мен шеберлікке үйретеді. Жарыс кезіндегі жеңіске жету үшін пайдаланылатын әдіс-амалдарды, айла-тәсілдерді қолдана білуге оқытады. Тактикалық әдіс- тәсілдік дайындықты дұрыс іске асыруға міндеттейді. Спортпен айналысатын болашақ мамандардың алдына қойылған міндеттерін ескере отырып танымдық іс әрекетінің негізгі әдістерін қолданады.		5				+	+							
42	Валеология және сауықтыру технологиялары	Валеология-дені сау адамдардың саулығы туралы ғылым. Қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі міндеттерінің біріне халық денсаулығына қоршаған орта факторлары әсер етеді. Білімгерлердің тұлғалық дамуын қалыптастырады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайларда халық денсаулығының қалыптасуы тенденциясы мен заңдылықтарын зерттейді.		5		+		+					+	+	+	+
43	Массаж	Массаж денеге мөлшермен берілетін механикалық тітіркендіру арқылы барлық														

